

САҚТЫҚ САҚТАЙДЫ: ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТАРЫНАН ҚАЛАЙ ҚОРҒАНАМЫЗ?

Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы қоғам өмірін жеңілдетіп, көптеген қызметті онлайн форматта пайдалануға мүмкіндік берді. Алайда цифрлық мүмкіндіктердің артуымен қатар интернет кеңістігінде жасалатын алаяқтық әрекеттердің де саны көбейіп келеді. Бүгінде алаяқтар адамдардың сеніміне кіру үшін түрлі психологиялық тәсілдерді қолданып, қаржысын иемденуге немесе жеке мәліметтерін заңсыз қолға түсіруге тырысады. Сондықтан әрбір азамат сақтық шараларын сақтап, күмәнді әрекеттерге бейжай қарамауы тиіс. Соңғы уақытта кең таралған алаяқтықтың бірі – жалған инвестициялық жобалар. Әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде «аз уақытта мол табыс табасыз», «қаржыңызды бірнеше есеге көбейтеміз» деген жарнамалар жиі кездеседі. Мұндай ұсыныстардың басым бөлігі азаматтарды алдап, ақша аудартуға бағытталған. Алаяқтар бастапқыда аздаған пайда көрсетіп, сенімге кіргеннен кейін қомақты қаржы салуға көндіреді. Нәтижесінде салынған қаражат қайтарылмай, байланыс үзіледі. Сонымен қатар WhatsApp, Telegram және басқа да мессенджерлер арқылы жасалатын алаяқтық оқиғалары жиілеп келеді. Алаяқтар азаматтардың әлеуметтік желідегі аккаунттарын бұзып, олардың атынан туыстары мен таныстарына хабарлама жіберіп, шұғыл түрде ақша сұрайды немесе күмәнді сілтемелерге үдуді ұсынады. Мұндай жағдайда асығыс шешім қабылдамай, хабарлама жіберушімен басқа байланыс арнасы арқылы хабарласып, ақпараттың шынайылығына көз жеткізген жөн. Интернет-дүкендер арқылы жасалатын алаяқтық та өзекті мәселеге айналды. Әдетте алаяқтар нарықтағы бағадан әлдеқайда арзан тауар ұсынып, сатып алушыдан алдын ала төлем жасауды талап етеді. Ақша аударылғаннан кейін байланысқа шықпайды немесе сапасыз тауар жібереді. Сондықтан интернет арқылы сауда жасағанда сатушының сенімділігіне, пікірлеріне және ресми тіркелуіне назар аудару қажет. Алаяқтар азаматтарды алдаудың түрлі тәсілдерін қолданады. Соның ішінде өздерін банк қызметкері ретінде таныстырып, телефон арқылы хабарласу кең таралған. Олар «есепшотыңыздан күмәнді операция анықталды» немесе «банк қартаңызды қорғау қажет» деген желеумен азаматтардың банк картасының деректерін, бір реттік SMS-кодты немесе мобильді банкингке қатысты мәліметтерді алуға тырысады. Есте сақтаңыз: банк қызметкерлері ешқашан телефон арқылы қартаңыздың құпия деректерін, CVV кодын немесе SMS арқылы келген растау кодын сұрамайды. Кей жағдайда алаяқтар өздерін құқық қорғау органдарының немесе басқа мемлекеттік меке-

мелердің қызметкерлері ретінде таныстырады. Олар азаматтарды қорқытып, қылмыстық іс қозғалады немесе есепшотыңыз қауіпте деген желеумен ақшаны «қауіпсіз шотқа» аударуды талап етеді. Мұндай талаптар заңсыз болып табылады. Егер осындай қоңырау түссе, әңгімені тоқтатып, ақпаратты ресми органдар арқылы нақтылаған дұрыс. Жасанды интелект технологияларының дамуына байланысты деерfake арқылы жасалатын алаяқтық та көбейіп келеді. Алаяқтар адамның дауысын немесе бейнесін жасанды түрде жасап, туыстары мен таныстарының атынан ақша сұрауы мүмкін. Сондықтан күтпеген етініштерге бірден сенбей, адамның өзімен тікелей байланысып, ақпаратты тексеру қажет. Сондай-ақ жалған жұмыс ұсыныстары да азаматтарды жиі алдайды. Әлеуметтік желілерде немесе хабарландыру сайттарында жоғары жалақы уәде етіп, жұмысқа қабылдау үшін алдын ала ақша төлеуді талап етеді. Заңды жұмыс берушілер жұмысқа орналастыру үшін ешқашан алдын ала төлем сұрамайтынын есте ұстаған жөн. Фишинг – интернет алаяқтарының кең таралған тәсілдерінің бірі. Олар банк немесе мемлекеттік порталдарға ұқсас жалған сайттар жасап, азаматтарды сол сайттарға кіргізу арқылы логиндерін, құпия сөздерін және банк деректерін қолға түсіреді. Сондықтан сайттың мекенжайын мұқият тексеріп, белгісіз сілтемелер арқылы жеке кабинеттерге кірмеу қажет. Алаяқтықтың құрбаны болмас үшін қарапайым қауіпсіздік қағидаларын ұстанған жөн. Жеке мәліметтеріңізді, банк картасының нөмірін, CVV кодын, SMS арқылы келген растау кодтарын ешкімге бермеңіз. Белгісіз нөмірлерден түскен қоңырауларға және күмәнді сілтемелерге сақтықпен қараңыз. Интернет арқылы сауда жасағанда немесе қаржылық операция жүргізгенде тек ресми әрі сенімді платформа-ларды пайдаланыңыз. Егер алаяқтық әрекетке тап болсаңыз, дереу банкке хабарласып, қартаңызды бұғаттаңыз, сондай-ақ құқық қорғау органдарына жүгініңіз. Уақытылы қабылданған шаралар қаржылық шығынның алдын алуға және қылмыскерлерді анықтауға көмектеседі. Қырағылық – қауіпсіздіктің кепілі. Әрбір азамат ақпараттық сауаттылығын арттырып, сақтық шараларын қатаң сақтаған жағдайда ғана алаяқтардың арбауына түсуден сақтана алады. Өз қауіпсіздігіңізге бейжай қарамай, жақын-дарыңызға да алаяқтықтың кең таралған түрлері туралы түсіндіріп жүріңіз.

Гүлзат ЖЕТКЕРГЕНҚЫЗЫ,

«Ойыл аудандық ішкі саясат, тілдерді дамыту, мәдениет және спорт бөлімі» ММ басшысы.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫ МЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ СОТ ТАТУЛАСТЫРУ РӘСІМДЕРІН ДАМУЫ ЖӨНІНДЕГІ МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Ақтөбе облысының Кәсіпкерлер палатасы мен Ақтөбе облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты татуластыру рәсімдерін дамытуға және экономикалық дауларды сотқа дейін реттеу тетіктерін жетілдіруге бағытталған өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Құжат кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында медиация мен келіссөздер рәсімдерін кеңінен қолдану арқылы тараптардың өзара іс-қимылын нығайтуды көздейді. ынтымақтастықтың негізгі бағыттарының бірі - Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот ғимаратында «Атамекен қабылдауы» кабинетінің жұмысын қайта жандандыру. Оның аясында кәсіпкерлер құқықтық консультациялар алып, дауларды келіссөздер арқылы шешуге мүмкіндік алады, сондай-ақ істі сотта қарауға дейін татуластыру рәсімдерін пайдалана алады. Сонымен қатар тараптар ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын бірлесіп жүргізіп, кабинет қызметінің тиімділігін талдап, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау саласындағы заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді. Ақтөбе облысының Кәсіпкерлер палатасының директоры Дидар Боранқұловтың айтуынша, Палата мен экономикалық сот арасындағы өзара іс-қимыл тәжірибесі өзінің тиімділігін әлдеқашан дәлелдеген.

«Бүгін біз 2019 жылы алғаш рет



ашылған медиация кабинетінің жұмысын қайта жандандырып қана қоймай, Сот пен Кәсіпкерлер палатасы арасындағы одан әрі ынтымақтастықты нығайтатын меморандумға қол қойып отырмыз. Тәжірибе көрсеткендей, кәсіпкерлік субъектілері арасындағы көптеген дауларды сот шешімін күтпей-ақ келіссөздер арқылы шешуге болады. Бұл іскерлік қарым-қатынастарды сақтауға, дауларды шешу мерзімін қысқартуға және қосымша қаржылық шығындардың алдын алуға мүмкіндік береді», - деді Дидар Боранқұлов.

Оның айтуынша, биылғы жылдың бірінші жартыжылдығында Палатаға кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау мәселелері бойынша 134 етініш келіп түсті. Оның 103-і қаралып, 51 мәселе кәсіпкерлердің пайдасына шешілді. Нәтижесінде 12 кәсіпкерлік субъектісінің жалпы сомасы 119 миллион теңгеден астам мүлкітік құқықтары қорғалды. Сонымен қатар етініштердің 8,2 пайызы кәсіпкерлер арасындағы азаматтық-құқықтық дауларға қатысты болып, олардың басым бөлігін сотқа дейінгі тәртіппен шешуге мүмкіндік бар екені байқалды.

НИТРАТЫ КӨП КӨКӨНІСТЕН САҚТАНЫҢЫЗ!



Қазақта «ауру-астан» деген сөз бар. Яғни, денің сау болуы үшін дұрыс тамақтана білу маңызды. Сондай-ақ, тағам қауіпсіздігін ескеру керек. Жаз мезгілінде астан улану оқиғалары жиілейді. Нитраттар (грек тілінде nitron - сода, селитра) — өнер-кәсіпте, әсіресе ауыл шаруашылығында көп қолданылатын азот қышқылының тұздары. Аммоний нитраты, сілтілік және сілтілік жер металдарының нитраттары селитра деп аталады. Жаңа еккен өсімдіктер тез өнім беру үшін азот-

тық тыңайтқыштарды өте көп қолданады. Белгілі бір мөлшерден артық пайдаланғанда нитраттар тамақ өнімдерінде жиналады да, адамды уландырады. Көкөністер мен жеміс-жидектер адам ағзасын дәрумендер, микроэлементтер, пектиндер, органикалық қышқылдар сияқты қажетті заттармен қамтамасыз ететін негізгі көзі. Алайда, осы аталған өсімдік түрлері арқылы адам ағзасының қалыпты өмір сүруіне зиянын тигізетін нитраттар мөлшері де көп түседі. Адам ағзасына

рұқсат етілген тәуліктік мөлшері 1кг адам массасына – 5 мг нитрат. Бірақ, нитраттардың адам ағзасына ұзақ әрі көп мөлшерде түсуі денсаулықта үлкен ақаулықтарды туғызуы мүмкін. Қысы-жазы өнім беріп тұратын жылыжай өсімдіктерінде және жаңа маусым басында шыққан алғашқы өнімдерде нитраттар көп жиналады. Сондықтан жаңадан піскен көкөніс өнімдерін алу кезінде, орташа көлемді көкөністер мен жемістерді таңдағаныңыз абзал, үлкендері неғұрлым көп жерде өскен сайын, нитраттарды өзіне соғұрлым көп сіңіреді. Көкөністерді және салат жапырақтарын 1 литр су және 1 ас қасық ас содасының ерітіндісіне жуған жөн. Жас көкөністер мен жемістерді 1-2 сағатқа суық суға салып қойып, бірақ жеген дұрыс. Сәбіздің және қиярдың екі жақтарын 1 см-ден, ал шалғам мен қызанақта сабаққа жақын түптерін 2 см-ге дейін кесіп тастау керек. Көкөністерді суға пісіретін болсаңыз, 5 минуттай суда қайнатып, суды төгіп тастап, таза су құйып, қайта қайнату керек.

Нитраттардың 50%-на дейін мөлшері бірінші рет төгіп тастаған суға шығады. Карпотноң және қиярдың қабығын қалыңдау аршып тастаңыз. Нитраттар өсімдіктердің шығу мерзімінің басында шектен тыс көп болатындықтан көкөністер мен жеміс-жидектерді күзге қарай алған абзал. Аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы «Нитраттарсыз көкөністер мен жемістерді таңдаймыз» тақырыбында акцияны әр жұма сайын ұйымдастырады. Акция аясында «Ұлттық сараптама орталығы» аудандық бөлімшесінің мамандары жәрмеңкеге шығып, тұтынушылардың сатып алған көкөніс пен жеміс-жидек өнімдерін «Нитрат-тестер» құралы арқылы тексеріп, нитрат қалдығының көрсеткіштерін анықтайды. Сондықтан әр тұтынушы нитраттан уланудың алдын-алу үшін, сатып алған өнімін тексерістен өткізуіне болады.

Ғ. ҚҰБАЕВ,
Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ - БАСТЫ МІНДЕТ!

Жаз мезгілі басталысымен қоғамды үлкен бір жеңілдік пен алаңсыздық билейтіні жасырын емес. Мектеп қабырғасынан босаған балалар уақытын сыртта, ойын алаңдарында өткізуге асығады. Алайда, дәл осы шуақты күндердің сыртында статисти-калық тұрғыдан үш есеге дейін көбейетін қауіп-қатер барын біз жиі ұмытып кетеміз. Ресми мәліметтер дәл осы демалыс кезеңінде балдырғандардың түрлі деңгейдегі техникалық, тұрмыстық және көше апаттарына ұшырауы 30-40 пайызға дейін күрт өседі деседі. Мұның басты себебі – мектептен тыс бос уақыттың шамадан тыс көптігі мен ересектер тарапынан бақылаудың сәл де болса әлсіреуі. Аяқ асты келетін ажал мен қайғылы жағдайларға жол ашатын да осы – біздің қоғам болып танытып отырған салғырттығымыз бен немқұрайлылығымыз. Арнайы жабдықталмаған, шомылуға тыйым салынған су қоймаларында үлкендердің қарауынсыз қалған балалардың тағдыры жыл сайын қаралы статистиканы толықты-

рып отыр. Оған қоса, аптап ыстықта көпқабатты үйлердің терезесінен құлап кететін сәбилердің қазасы жиіледі. Шыбын-шіркейден қорғайтын тордың қорғаныш емес екенін ата-аналар әлі де жіті түсінбей келеді. Ресми дерекке сүйенсек, шомылу маусымы басталғаннан бері еліміздің су айдындарында 91 адам, оның ішінде 27 көмелетке толмаған бала суға батып қаза болды. Жүргізілген талдау нәтижесі - қайғылы оқиғалардың негізгі себептері шомылуға тыйым салынған орындарда шомылу, жүзе алмау, өз мүмкіндіктерін асыра бағалау, алкогольдік мас күйде суға түсу, сондай-ақ негізінен балаларды ересектердің қарауынсыз қалдыруынан орын алғанын көрсетіп отыр. Қаза тапқандардың ең көп саны Алматы (13 адам), Маңғыстау облысында (11 адам) және Павлодар облысында (5 адам) тіркелді. Ал, көмелетке толмағандар арасындағы ең көп өлім жағдайлары Түркістан облысында (4 бала), Батыс Қазақстан және Қостанай облысында әрқайсысында 3 баладан тіркел-

ген. Адамдардың топ болып қаза табу жағдайлары ерекше алаңдаушылық туғызады. Батыс Қазақстан облысында үш жасөспірім суға батып қаза болса, Алматы, Қостанай, Маңғыстау облысында, сондай-ақ Жетісу және Абай облысында осындай екі жағдай-дан тіркелген. Ал, шомылуға рұқсат етілген орындарда 11 адамның қаза болуы ойла-нарлық жағдай. Бұл деректі де жіктер болсақ, Алматы облысында 8, Павлодар облысында 2 және Ақмола облысында 1 жағдай тіркелді. Бұл қауіпсіздікті ұйымдастыру деңгейінің жеткіліксіз екенін көрсетеді. Ал, қалалық жерлерде әзіргі уақытта балалардың терезеден құлау оқиғаларының саны артып отырғанын ерекше атап өткен жөн. 2026 жылдың басынан бері азаматтық қорғау органдарында балалардың терезеден құлауына байланысты 188 оқиға тіркелді, оның ішінде 168 бала түрлі жарақат алып, 20 бала қайтыс болды. Бір қарағанда екі түрлі жағдай біріктіретін ортақ мәселе –

балалар қауіпсіздігіне деген немқұрайлылық. Терезе де, су да көзге қауіпсіз болып көрінуі мүмкін, бірақ бір сәттік абайсыздық орны толмас қасіретке әкеледі. Кейде шаралардың төк қайғылы жағдай орын алғаннан кейін ғана қолға алынуы – жүйелі салғырттықты көрсетеді. Сонымен қатар, көшеде велосипед, самокат немесе заманауи электрлік қозғалтқыштарды тізгіндеген жеткіншектердің жол ережесін білмеуі, құлағына құлаққап киіп, телефонға үңіліп жолдан өтуі күнделікті әдетке айналды. Осы орайда барлық жауапты орындар ата-аналарға ерекше үндеу жолдап, баланың өмірі мен денсаулығы – ең басты құндылық екенін алға тартады. Тәртіп сақшысы балаларға электр жабдықтарына жақын-даудың қауіпті екенін түсіндіруді, терезелерге арнайы қорғаныс құрылғыларын орнатуды және жол қозғалысы ережелерін үнемі үйретіп отыруды талап етеді. Қарапайым қауіпсіздік шараларын сақтау арқылы ғана көптеген қайғылы оқиғалардың алдын алуға болады. Сондықтан,

Үкімет басшысы еліміздің су объектілерінде адамдардың қаза болуына жол бермеу, сондай-ақ балалардың терезеден құлау жағдайла-рының жиілеуіне байланысты Оқу-ағарту, Ғылым және жоғары білім министрлігіне және өңірлердің әкімдіктеріне мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, сондай-ақ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру бағдарламаларына тіршілік қауіпсіздігі, төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимылдар және қауіпсіз жүріс-тұрыс қағидалары бойынша сабақтарды енгізуді, балалардың демалуына арналған орындарды қоса алғанда, ресми шомылу орындарының санын көбейтіп, оларды қажетті қауіпсіздік инфрақұрылыммен, құтқару бекеттерімен және құтқару құралдарымен қамтамасыз етуді, шомылуға тыйым салынған орындардың тізбесін жаңартып, қауіпті учаскелерге халықтың еркін қол жеткізуіне қоршаулар орнату жолымен ескерту белгілерін қою және күзет бекеттерін ұйымдастыру арқылы шектеуді, тұрғын ұй-

лердегі терезе конструкцияларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша халық арасында, мүлік иелері бірлестіктерінің, жай серіктестіктердің төрағалары және басқарушы компаниялар арасында түсіндіру жұмыстарын ұйымдастырып, осы міндеттердің орындалуына бақылауды күшейтуді, профилактикалық іс-шараларда аумақтық полиция департаменттерінің әлеуетін белсенді пайдаланып, учаскелік инспекторлар мен ювеналдық полиция қызметкерлерінің ауаларды және пәтерлерді аралау ба-рысында аталған мәселеге міндетті түрде ерекше назар аударуды ұсынып отыр. Баланың амандығы мен алаңсыз күлкісі – кез келген өркениетті мемлекеттің ең басты құндылығы, ұлттың болашағы. Сондықтан ұрпағымыз үшін қатерден ада, жайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыру тек бір отбасының ғана мәселесі емес. Бұл – билік пен бұқараның, бүкіл қоғамның ортақ міндеті.

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.

Біздің үй Алатаудың әсем бөктеріндегі биіктеу жота үстінде. Оның үйінші қабатынан Алматы алақан-дағыдай төменде анық көрініп тұрады.

Был қыс ерте түсіп, тау етегін қалың қар көміп қалды. Айнала түгел әлпақ дүние. Ертенгісін есік алдындағы қарды күреп тастап, жып-жылы үйге кіріп, жазу кабинетіме рахаттана жайғасамын. Бұл бөлменің үлкен терезесі тау жақта. Анда-мұнда денем құрысып қалса, түрегеп жаттығулар жасаймын. Басынан ақ қалпағы түспейтін Алатаудың сең-сең биік шыңдарына қарап, көзімді тынықтырамын. Үйдегілердің бәрі тұра салысымен асығыс-үгісіс жиналып, жұмыстарына кетеді де, жалғыз өзім қалып, үстелге отырамын. Тып-тыныш мүлгенен тыныштық, төңіректі түгел ақ ұлпа бүркеп тастаған. Ауада екі күн бойы жапалақтап жауған қардың ызғары бар, суықтан дала бүрісіп тұр.

Ал, үй жұмақтай жып-жылы. Рахаттана шабыттанып, жазып жатқан романымның соңғы тарауын бітіруге құшырлана кірістім. Мен жазып отырған кезең — көшпенді ата-бабаларымыздың алапат соғысын суреттеп, көз алдымда керуен-керуен сапқа түзілген сарбаздар тізіліп, жауға беттеп келе жатты. Бұл әлемет қырғыннан бұлардың қаншасы тірі қалар екен?

Далада өлдене тоқылдағандай болды. Терезеге барып қарасам, біреу ағаш кесіп жатыр. Үйімнің айналасы қалың қарағай, шырша. Аспанға құлашып керген зәулім-зәуліп бұл ағаштар аясына барсаң, ерекше жұмақ көктің иісі бүркпасап, кеуден толып, ғажап күйге бөленесің. Ай-шай жоқ сол ағаштарды кесіп жатқан бұл кім екен деп, киіне сала, сыртқа шықтым.

Тобықтан ғана келетін етігімізін қонышынан қар қылып кетті. Күрекпен жолымды тазалай аршып, өлігте тақағанда ғана, анау маған тұзды бұрылды. Бұл әйел екен, әйел болғанда да көзүжіреген орыс кемпірі. Үстінде ескі күпйке, аяғында керзі етік, қолында кішкентай ғана қол ара.

Сәлемдіді ернін жыбырлатып қана алып, маған қызыл хиек кірпіксіз сенуге айналған көзімен ақсыяра қарады.

— Мына бір жай түскен ағаштың то-марын кесіп алсам деп едім, — деді бірден.

— Оны қайтесіз?

— Үйде отын жоқ, соған...

— Қайда тұрасыз?

— Анау жақта, — деп сайдағы өзен жағасын нұсқады. Онда шүйірленген құрқылтайдың ұясындай кішкене құжырхана-сажай біткен қыс бойы бос тұрады да, жаз шыға тұрғындары құмырсқадай жыбырлап келе бастайды.

Ол жапақтап, қорқып қалған сыңаймен ақтала сөйлеп жатыр.

— Жалғыз тұрамын. Жылда орман-тоғай ішін аралап, құраған бұтақтарын рұқсат алып, отынға жинап алушы едім. Биыл құс бойы ауырып, ауру-ханада жатып, жана шықтым, — деп ол бетазындағы шұбырған терін сүртіді. Кемпірдің жұзын құмырсқа-ның ізіндей быжынаған әжім басқан.

Біз көшіп келген жылы осы ағашқа найзағай түсіп, өртеніп, шорт сынып, осы сорайған томары қалған. Кемпірдің арасын сұрап алып то-мардың түбінен кесе бастадым. Кішкентай ескі қол ара өтпейді, ары-бері мықшылап, әп-сәтте еңгітіп тұрып қалдым.

Томар етегі жұмырланып, білеу-білеу, тасшеге қатты. Мұны бүгін-ертен әулеті бітіре алмайсың.

— Мен сізге отын апарып берейін, мынаны кейін біреуге кестіріп қоя-мын, — дедім.

— Оған төлейтін пулым да жоқ.

— Ештеңе керекі жоқ. Мен қазір алып шығайын, — дедім де қорадағы баламның шаанасына моншаға деп кесіп, жинап қойған ағаштарды тиелп, үстін бастыра байлап, сүйреп алып шықтым.

Күпйкесі қолқылдаған кемпір сол орында әлі сүйрегіліп тұр.

— Кәне, үйіңізге бастаңыз, — дедім.

Қалт-құлт етіп, дрілдеген кемпір, таяғына сүйенгенімен бір-екі мәрте тайғанақтап, сүрініп кетіп, тырт-тыртыр басып, екі шетінде саяжайлар қаптаған тар көшеге түсті.

Жарды жарып салған кезінде сырты көк сырмен сырланып, онысы әбден жеміріліп тозаған тауықтың ұясындай ғана жапырайған үйге келіп, есігін ашты...

Үйде бір ғана бөлме, азынаған суық жалғыз қисық терезе сыртын қар басқан, бұрышта темір керует, екі орындық, бір ағаш үстел.

— От жағып жіберейін, — деп пештің қақпағын ашып, әкелген ағашта-рымыды

тұтата бастадым. Аядай бөлме тез жылынып, үстіне қойған жез шау-ғимдегі су да сақырлап қайнап сала берді.

Кемпір үстіндегі су-су күпйкесін шешіп, пешке кептіре бастады. — Шай ішіңіз дейін десем, шай бітіп қалып... — деп қыңылап тіп қатты. — Ештеңе етпейді. Өзіңіз жаурап ауырып қалмасаңыз болды.

Ол шұбырған терін сүртініп, бір құтыдан дөрі алып ішті.

— Балаларыңыз бар ма?

— Бар ғой... Біреуі Санкт-Петербургте, біреуі Новосибирде. Шалым

жыл бұрын аяқ астынан қайтыс болды. Ол пысық еңбеккер болатын, үйдегі бар шаруаны тап-тұйнақтай етіп, тыным таппайтын. Шалым кет-келі күйім кетті.

Екіұш тартқан көзүжіреген кемпір бу-лығып, көз жасын қорсеткісі келмей, пешке отын сала бастады. Үйден мұқ, сыз бен аз ісі шығады.

— Биыл сексенге келемін. Ұзақ жас та ұзақ жол секілді адамды қалжыра-талады. Өшіп бітуге айналған өлеусіреген шам секілді өмірінің маң-мағынасы қалмай, құр сүлде-деңді сүйретіп жүрген тірі өлікке айналады екенсің. Баланы таба-

сың, бағасың, көртайғанды құраған ағаштай сені керек етпейтіні жа-нымды жейді. Екі ұлым да талант-ты, білімді болғандықтан дарынды балаларға арналған интернатта оқыттық, одан Мәскеудегі универ-ситетке түсті. Екеуі де атақты ға-лым, үлкені Санкт-Петербургте дәкейдің қызын алып, сол жақта тұрып қалды. Ал кішісі Новосибірде әлі үйленбей жүр, атағы жетерлік ядерщик. Шалым өлгеннен кейін бір айдан кейін үлкенім келіп кетті, ал кенжем әлі келген жоқ. Теле-грамма және кішкене ақша салып жіберіпті. Ол пулга әкесінің бейітін жөндеттім, тоңазытқыш алдым, электрге қарыз едім соған төледім. Шал екеуім де Алматылықыз ғой, қалада дүңгірлеген кең үш бөлмелі үйіміз болған. Үлкен ұл үйленіп, пул керек деп отырып алған соң, үйді сатып, бар ақшаны қолына берген-біз де осы саяжайға көшіп алған-быз. Содан кейін тұңғышым әкесі қайтыс болған соң, бір айдан кейін ғана келіп, қонақүйде үш күн жатты. Бағғы жарқыраған минез, жарқыл-даған талпанынан журдай, араққа салынған, мүжіліп-үйтіліп кеткен, ештеңеге қызықпайтын, ештеңеге селт етпейтін маубасқа айналғанын көріп қатты торықтым.

Жасына жетпей алым-салымы шыққан, түрі құраған жүгерідей то-зан, олпы-солпы ол мүлде жат, қанша әңгімелескіп келгенімен арақтан аузы босамады, теңкіліп өлген шошқадай ұйықтап жатады. Маған көмектеспек түгілі қайтары-на жолпұлына менен ақша сұрайды ғой. Күн көріп отырған пенсиямды алып бердім. «Бойжеткен бір қы-зым бар, әйелім де профессор» дейді. Суреттерін көрсетті. Міне, біреуін сұрап алып қалдым, — деп кемпір хиектері кемірілген айна-ның алдындағы бір жапырақ суретті әкеп берді.

— Баланы өз үйінде әке-шешесі бағып, тәрбиелеу керек екен. Біз бұл екеуін титтейінен физика-математика ин-тернатына бердік, тек демалыста-рында ғана келіп-кетіп жүрді. Келсе болды кітаптарынан көз алмайды, біз соған мәзбіз. Мәскеуде жүрген-дерінде тапқан-таянғандарымыз-ды соларға салып, жіберіп тұрдық. Аралары екі-ақ жас қой, екеуі де сұңғақ, әкесі секілді реңді, ірі денелі, толқын-толқын шаштарына бәрі қы-зығатын. Тұңғышымның шашы өл-ген тауықтың жүніндей жігілп, төбе-таз болыпты. Ал, кенжемнің суретін көріп танымай қалдым, басында қылпық жоқ, тап-тақыр. Ядерщик болғандықтан шашы түгел түсіп қалыпты. Олар Мәскеуде жүрген-де таныс-білістерімізге мақтанып, ұлдарым оқып жетілсе керемет ға-лым болады деп мақтаныш сезімі бойымызды кернеп, талай-талай тәтті қиялдарға берілуші едік. Қалай университет бітпрді содан олар-дан көз жасын қалдыр. Үлкенімді әуелі үйлену тоына да шақырма-ды. Келінді ертіп екеуі қол ұстасып келер, шал-кемпірге сәлем берер деп сағынып жыл құттіқ, сырып бес жыл, ырғып он жыл, жылжып жиы-рма жыл өтті. Ақыры шал шыдама-ды, пенсиямызды жинап, саяжайы-мыздағы алмамызды сатып, жолға жиналды. Алдымен Санкт-Пете-рбургке, одан кейін Новосибирге сапарға шықты. Сол жақтарға ба-рып келісімінен-ақ ұнжырғасы түсіп, аһлеп-үһлеп, ұқырысы бұзылып, бе-рекеті кетіп, ақыры ауру айналды-ра бастады. «Бәрі жақсы, екі бала да үлкен оқымысты-ғалым, саған дұғай-дұғай сәлем айтып жатыр. Көп ұзамай келіп те қалар» — деп мен сорғыны үміттендіріп қойды. Тек қайтыс болар алдында ғана «Марфуша, саған ете қиын, ауыр болатын болды-ау. Балаларынан үміт үз. Тамырсыз ағаш тез қурай-ды. Біздің ұлдарымыз бізді мүлде ұмытыпты. Қап, қап, әттеген-ай!.. Оларға сыртта емес, біз үйімізде өсіріп, тәлім-тәрбие беруіміз керек еді. Мен күнәшыл барып, олардан түніліп, шошып қайттым. Бағғы біздің балалар жоқ, суық, бөтен, мүлде жат болып кеткен кесірлерін көріп ішім қанжылады. Марфуша, өзің беріп бол! Қап, әттеген-ай!» — деп жылап қоштасты.

Шал екеуіміз үйге бес жыл бір- тұрдық. Мына күпйке сол Митрейдікі. Сол екі ұлга да жазда биыл қысқа көмір жоқ деп екі мәрте хат жазып жібергем.

Түк хабар жоқ, телефондарын да көрмеймді. Әлі хабарласаңды. Пенсияма әлі үш-төрт күн бар, үйде азық-түлік те таусылды. Міне, тізе-ден қар жауып, күн азынап, суытып кетті. Қашаның ауырсаңыз, бөлімді буып, Митрейдің күпйкесі мен етіліп келіп, отын іздеп шыққан бетім еді. Кемпір күрешкедегі қара судан екі-үш жұттым ішті де, пеш аузына тағыз еңкейді.

— Сізді қалай атасам екен?

— Тетя Марфа дей беріңіз. Бәрі со-лай атайды. Сізді әурелеп, басыңы-зды қатырып жіберген жоқпын ба, не болса соны айтып. — Тетя Марфа, мен демалыста үйде отырғанымыз. Ештеңеден қам жеменіз. Көмір де түсіріп беремін, азық-түлік те болады. Мен солар-ды алып келейін, — деп шығуға бет-тедім. — Сізді әурелеп, көп сөйлеп кеттім бе? Томардан басқа құраған отын жоқ, соны кесіп әкеліп отқа жағайын дегенім ғой, — деп кемпір күрк-күрк жетеліп, тұңғыша жылады. Жүйкесі тұн, жігері құм болған бей-шара мүсәпір әжей пештің аузына кіріп кетердей құнжып, бүкішіліп, екі иығы селк-селк етеді.

Жүрегім қанжылап, атқактай соқты.

— Тетя Марфа, қамықпаның, қайғы-манашысы. Мен қазір шоферімді шақырып, қалаға барып келе қояй-мын. Бәрі болады. — Сізді әуре-сарсаңға салғаным үшін кешіріңіз. Өмірі шал екеуіміз біреуге қол жайып, көмек сұрап көрмеп едік... — деп орнынан тұра алмай бөгукіеткен кемпірдің арқа-сынан қағып, шығып кеттім.

Зеңгір аспан астындағы байтақ

Томар (әңгіме)

дала әппақ қарға қымтанып жатыр. Сәулесіз күн Алатаудан қиыстанып көрініп, шыңға ілініп қалғандай қы-зарады. Бөктеріндегі зәулім-зәулім шырша, қарағайлар ақ қардан бөрік киіп, күнге сәлем салып тұр. Таңғы ауа түп-тұнық, сыңғырлап кеуде са-райында бірден ашады.

Ағаштардан, беткейлердегі қалың тоғайдан әдемі өтірдей шайыр иісі аңқиды.

Бос шананы сүйреп келе жатып, осынау әдемілікке селт ете алмай мына кемпірдің жай-күйі, айтқан әң-гімесі жүйегімді жылатып, жаным-ды егілтіп, ой тұңғыығна жетелеп әкеліп барады. Қайран әже, өз ба-лаларынан опа таппай, енді жалғыз-здық азабын көріп, зар кешуде. Оқытты, шоқытты, ғалым болған ұл-дары енді көртайған әке-шешелерін тастап, біржола бөзіп кетті. Май-мылдың басы ойнауға жеткенімен ойлауға жетпейді. Суы тартылған құдық секілді мейірім-шапағат ата-ұлыдан журдай қатыгез балалары болғаннан болмағаны жақсы еді-ау. Әппақ қарды қарш-қарш басып келе жатып, есіме сонау бір жылдардағы зар қағып, запыран құсып жүрген қасіретті шақтарым есіме түсіп кет-ті. Бір қайғы мың қайғыны қозғайды. Қайран әженің тіршілік қамытынан қажалып, қасіреттеніп кеткен су-реттері көз алдыма келді. Ғұмыры жоқшылықтан, жетіспеушіліктен аралмай, қу жіліңшегі аршылған ғұ-мырым санамда тіріліп, ұмытып кет-кен, көптен бері есіме алмай жүрген сонау бір бордай өзіліп, іштей бо-здаған күндерім зыр етіп мыымды осықылп, жан-дүниемді қопарып, астаң-кестенің шығарғаны-ай. Екі көзімнен бұршақ-бұршақ ыстық жас әппақ қарға тамып-тамып кетті ғой. Әксіп-әксіп іен далада биік-биік шыршалар қойнауындағы сол бойында дауыстап жыладым көп. Ақша қарды алып бет азуымды жу-сам да шер боп қатты қалған құрық-сыз-сурықсыз күндерім, жалмауыз ұйқысыз түндерім киноағымдай са-пырылысып, қатыгез өміріміңнің сол бір шағы есіме түсіп, есегңіретіп жі-берді.

Ұмыта бастаппын ғой, мүлде есімнен шығарып жібергенім бе? Мына бейшара кемпірдің тауқыметі есіме қай-қайдағы, жай-жайдағы тү-сіріп кетті-ау... Көзімнен жас шықпағалы да қай за-ман?..

Мектеп бітірер жылы үй салуға кірістік. Ерте көктемнен кірпіш қүй-ып, кептіріп, жаз бойы екі бөлмелі там салып алдық. Колхоздан қарыз алып, үстін шырфратып, еденіне ағаш тақтай төсетіп, іші-сыртын сы-лап, қара күзге қарай кіріп алдық. Әкем жекешенің сиырын бағады, шешем колхоздың қызылшасын-да. Мектеп бітірісімен колхозға кіріп, құрлысың болып, үшеуіміз үш жақтан жыртғымызды жамалып, үйіміз бүтінділеп қалған шақта мені әскерге шақырды.

Таңертңісін армияға кетуге жина-лып жатқанда шешем:

— Алматыға барып, инситутқа түсе алмадың-ау деп қынжылма ба-лам. Алтын басың аман болса әлі талай тауға да шығысың, таудай армандарын да орындалады. Сен болмасаң мына үйді салар ма едік? Он құрсақ көтердім, төртеуін қара жерге бердім. Тұңғышым сенсің, енді қалғандарың аман болсын. Енді мына қанаты қатпаған бала-пандардай бес қарындасың саған қарап тұр. Әкенің қай-жапсарын есің білесің — көнтейншегі, соғыстың зардабын өмір бойы тартып келеді. Ауа райы бұзылса «басым, басым» деп зар илеп дөңгеленіп жатып қа-лады. Әкең аман болсын де. Әскер-ден келген соң сен оқытамыз, үл-кен азамат боласың. Сені аудан орталығына — военкоматқа дейін шығарып салмаймын. Үйімізден күліп аттандырамын, екі жылдан кейін күліп қарсы аламын шырағым, — деп тандыр нанның шетінен бір тістепіп, ескі алдынан күліп шыға-рып салды. Аудан орталығындағы военкомат алды ығы-жығы толған қалдық. Әскерге баратын әр жігіт-тің қасында қора-қора шұбырған туыстары, дос-жарандары. Менің қанымдаа әкем мен менен төрт жас жашымда Өсемкүл және до-сы Айқымай.

Соғыстың басынан аяғына дейін болған мүгедек әкемнің қоштастар-да дауысы дрілдей қарлығып, көзі жіпсіз сала бергені. Титтейінен қол-ды-аяққа тұрмайтын, өтікр, алғыр, толмақ Өсемкүл қарындасым «Аға, сізге хат жазып тұрамын, сізге ара-наған мынау өлеңім» деп бір қағаз-ды қалтама тықпалайды.

Біз мінген поевз бүкіл Сібір, Қыр Шығысты іір-қынды аралап Хабаро-скіге он бір күнде ыңқылдап-гүрсіл-деп әзер кетті. Жол таусылмайды, уақыт шіркін өтпейді. Өсемкүлдің шаппақ жол дәптер парағына жазған үш шумақ өлеңің қайта-қайта оқи-мын. Маған көрсетпей, айтпай бұл қарындасым жасырып өлең жаздыы екен ғой. Қарашы, «асқар тауымыз-сың, бікі бәйтерегіміз, аман барып, сау қайтыңыз жана аға» — депті.

Сонау Қыр Шығыста шекарада қуғып күліп, тұн қатып жүрген шақта-рында шешем мен қарындасым-ның сол бір ақ тілеулі бейнелері көз алдымнан кетпейді. От ішінде тұған оттан қорықпайды, әлі көрескіп-дер бұл Қалиев талай-талай биік-терді алады. Тәуекел тап жығады, әке-шешемді үлде мен бүлдеге бөлеп, тамаша дәурен сүргіземін. Олар ұзақ, өте ұзақ жасайды, не-мере-шөберелерін ойнатып, рахат өмір сүретін болады. Иә, әлі-ақ көресіндері...

Тәтті қыялға шомылып, шекара-да күзетте жүргенде таңның қалай

атқанын, уақыттың қалай зырыл-дап өтіп жатқанын байқамай да қа-ласың. Арманыммен талай-талай жерлерге кетіп қаламын. Аман-сау елге оралайыншы, содан кейін... Аман не желмен жарысып, көлең-кенді қуып жете алмайсың. Тәтті қиял сананда жүргенімен тағдыр сені бұрап, сынап, қиратып, сын-дырып жібергісі келетінін білмей-сің-ау...

Әскерде алты айдай болғанымда әзірейілдей суық хабар келіп, елге аттандым. Құлақтан кірген суық сөз жүрекке барып сірескен мұз болып, есімді жия алмай, көз жасымды тия алмай үйге келіп қайттым.

Қайран асыл анам... жүрек тал-масынан бұл дүниемен қоштасып жүріп кеттіңі. Басы көзжіреп, әппақ қудай шашы ағарған, қиратып кет-кен сорлы әкем, ұлардай шұлаған бес қарындасымды құшақтап, ше-шемді жоқтап күн жыладым, тұн жыладым. Бейітіне боздап барып, боздап қайттым.

Апа-ау! «Мені күліп қарсы аламын» деп едіңіз ғой... Неге ерте, тым ерте мәңгілікке кетіп қалдыңыз. Әскер-ге аттанарда мейірлене құшақтап сүймеді екенмін, неге тапырақтап оқыра тиген танадай асықтың соң-ша. Күліп тұрып, мен кеткен соң, үйге кіріп төсегіне отырып алып әксіп-әксіп солқылдап жылапты ғой, жан анашым... Нені, нелерді ғана ойлады екен сонда?!».

— Шешенің саған арнап жинап жүрген дүниелері еді, — деп басы қалтылдаған әкем бір дорба берді. Оның ішінен етегіне менің атымды әдемілеп кестелеп тігіп қойған әкем қардай шымылдық пен ақ ора-мал шықты. Бағғы әскерге кетерде мен шетін тістеген таба нан мен газеттерге шыққан мақала-өлең-дерімді де осында сақтапты. Қайран, анашым-ай, мені үйлендір-месе, ел құсап келіп түсіріп, немере-сүйсем-ау деп армандап көп жүруші еді. Шешем түні бойы ұйықтамай кестемен етегіме менің атымды жа-зып тіккен ақ шымылдықты кеудеме басып, булығып, тұншығып, шер-леніп, сағынып өксігенім-ай... Талай-талай арманым ішінде кеткен, жеткен дегеніне жете алмай шер-менде кеткен қайран езіз шешем мынау жалған дүниеден тағдырдың теперішін шыға алмай өттің-ау. Соңында басы-қолы дрілдеген көнтейншегі соғыс мүгедегі мүсәпір сорлы күйеуімен әлі бауырын жаз-баған балапандардай аңыраған бес қызы қалды. Үңірейген үйде ше-шемнің орны белек еді-ау...

Бір айналдырғанды шуыр айнал-дырды дегендей, кесепат қырсық мұнымен бітпей сұғанақ сүмелек иттей тістелеп қыр соңымнан қал-май-ақ қойды...

Біздің үйге ажал әкелетін жаман түз көргенмін. Қап қара киінген қара шөлпілі сырпаған ұзын бойлы кісі, қара таяғымен мені түріп тұрады. Бет әлпеті бұлыңғыр, құрықтай сұңқиған ұзын қал-қара плащ киген сол түсіме кіріп, таяғыммен түрткілеп отқан күні біздің шаңыраққа бір әлемет құрсық кіретінін ұғып, жүре-пін кеудемді жапып жіберердей дүңкілдеп, шошып жүремі.

Әскерден біржола қайтса, дембіл-де төрт-бес ай тұста қалғанда осы қарғыс атқыр түсті ғай көрдім.

Жіңішке мұртты, замполит майор мені тағы шақырып алып өңгімені әріден бастап айта бастағанда-ақ бір сұмдықтың болғанын аңғардым. Телеграмманы көрсеткенде тұла бойым қалжылдап есіріктене өлі-байлап тар кабинетте өкіріп жылай беріліпін. Майор замполит құшағы-на қысып, арқамнан қағып, тұтыға сөйлеп көңіл айтты.

— Саған өте ауыр болды Қалиев. Бір жылда екі ауыр қаза. Командирге түсіндіріп самолетпен еліңе барып қалтуға рұхсат алдым.

Үйіміздің сұлбасын көрісімен іші-ба-уырым езіліп, жүрегім шырылдап, Өсемкүл қарындасымды жоқтап бо-здағаным-ай... Көрші-қолаң үздік-создық келіп құ-шақтап көңіл айтып жатты. Ертесіне әкем екеуіміз жотаға ше-шем мен қайран арманда кеткен Өсемкүл қарындасымның бейіт-не барып қаттық. Қос бейітті құ-шақтап өкіріп жылап-жылап, әбден сағынған сағынышым мен өкінішімді айқайлап айтып-айтып, топырақ болған үсті-басымды қағып-қағып орнымнан тұрдым. Қой бөлімді бұ-айын, ес жыһп, шаңыраққа қарайдн деп шештім. Әкемнің бетін әжім жауып, бүкішіліп, шалынысып әзер жүретін болыпты. Күлге шөккен көрі ауру атандай жүріп-туруы қиың-дап, кеудесін жарып үһлей береді. Уайым түп тұңғыш, батасың да кетесің. Жылай берсең көз жасына көміліп ағасың да кетесің. Бір үйлі жан маған жаутандап қарататын. Қазана сапағын ас та, қайнатығын шай де таусылған, үй-іші тозып, берекесі кеткен. Жылығалға жу-дырық демекші қызы өліп, қайғы жұтып отырған әкемнің иілін жүрген аты жоғалған. Колхоз жылқысын ұрлаттып деп оны мойнына салып, жұмыстан шығарып жіберген... Асы жоқ үйге ит те кірмейді, әкем қаң-преп, меніреуленіп көрі шалға ай-налыпты.

Тастүйінделіп алып, сол жиырма күнім жиырма сасырға татигын шығар, ширғыып, зыр қағып жүріп бармаған жер, қақпаған есігім қал-мады-ау... Ақыры үлкен екі қарын-тасты Ақмарал мен Бақытқұлді ауылдағы интернатқа, ақ кішкентай Шоплан мен Фариданы қаладағы балалар үйіне орналастырдым. Әкемді кенсеге күзетші етіп алды-рттым, көрші ауылдағы әпкемнен бір қой әкеп сойып тұздап, кептіріп бердім.

Әкем араққа үйір бола бастапты,

дүкен төңіректеп кететінді шыға-рыпты. Бетінде, көзінңің астында үл-кен тыртық пайда болыпты.

Бір көште әкеме:

— Андағы бетіңе не болған? Арақ ішіп, тапқан олқан ба? — дедім.

— Қайдан, қарағым. Өткен қыс жа-ман жұт болып, колхоздың бар малы қырылып қалды. Суықтан өзендегі су түгел қатып, адам кеу-десіне жететін қар жауып, қыс өте созылып, ызғар боран ұлып тұрып алды. Азынаулақ жиган отын Жаңа жыл өтпей-ақ таусылып, төңірек-тен құраған ағаш іздеп кеттім ғой. Шешен өлгепі Өсемкүлім бір жағы-на шығып, тамақ пісіріп, от жағып, балаларды қарап жүруші еді. Шы-рағым-ай, өте пысық, шешесі секіл-ді іскер, тындырымды еді. Маңдай-ымызға сымай кетті ғой. Тиын-тебен табамын деп шөпшілерге ілесіп, колхоз жұмысына шығып алды ғой. Қорабынан түсе бергенде машина дүр етіп жүріп

САРБИЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ 2026 ЖЫЛАДЫҢ ІІІ ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтар-ды қа-былдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж	Азамат-тарды қа-былдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны, электрондық мекен-жайы
«Сарбие ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Кереев Әсет Сәкенұлы	Сарбие ауылдық округ әкімі	Шілде айының 14,21 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін	Сарбие ауылы Жастар көшесі №16 Сарбие ауылдық округі әкімдігінің ғимараты	35-2-50 Sarbie2005@yandex.kz
			Тамыз айының – 12,19 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
			Қыркүйек айының – 10,23 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Сарбие ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды.

Сенім телефоны 35-2-50, сонымен қатар ғимаратта ұсыныс-пікір салу үшін жәшік орнатылған.

БАЛАЛЫҚ ШАҚТЫҢ БАЛ МЕКЕНІ

Менің туған жерім – Ойыл ауданына қарасты Қаратал ауылдық округі. Осы өңірдегі Құсмұрын тауының баурайын-да орналасқан Кемерши атты кішкентай ғана ауыл – менің балалық шағымның алтын бесігі. Кемерши – картада кішкентай ғана ауыл болып көрінгенімен, мен үшін тұтас бір әлем. Балалықтың бал күндері, тәтті қиялдарым, ата-анамның мейірімі, туған жердің әр тасы мен әр сүрлеуі сол ауылмен бірге жүрегімде сақтаулы. Қыстың ақ ұлпасы жауғанда Құсмұрын тауының басына шығып, еш қорықтастан шана тебетін едік. Таудың биігінен зымырап төмен қарай сырғанағанда, үйдің қасынан бір-ақ шығатынбыз. Сол сәттердегі қуаныш пен күлкі әлі күнге дейін көз алдымда. Әкем совхоздың малын бағып, адал еңбек етті. Анам шаңырағымыздық берекесін кіргізіп, бізді мейіріміне бөлеп өсірді. Әлі күнге дейін көз алдымнан кетпейтін бір көрініс бар. Анашым іс тігіп отырып, баяу ғана әңдететін. Құлағын-дағы сырғасының сәулесі күнге шағылысып, қабырғаға қызылды-жасылды нұр шашатын. Сол сәуле маған анамның мейіріміндей жылы көрінетін.

Бүгінде өзім де анамын. Бірақ

адам қанша жасқа келсе де, әке мен анаға деген сағыныш ешқашан азаймайды екен. Ол – мәңгілік сағыныш. Менің алаңсыз, бақытты бала-лық шағым Кемершиде қалып қойғандай. Тағдыр анамды бізден ерте алып кетті. Бар болғаны 43 жасында балаларының қызығын көре алмай өмірден озды. Арманы – алты баласының ортасында жүріп, «Мына балама барайын, ана балама барайын» деп, перзенттерінің қызығына тоймай өмір сүру еді. Өкінішке қарай, ол арманы орындалмай қалды. Уақыт алға жылжыған сайын туған жердің қадірі де, ата-ананың орны да тереңірек сезіледі. Бүгін Кемершиге барсам, әр төбесі, әр соқпағы, әр тасы мен үшін қымбат. Сол жердің самалы анамның әлдиіндей, әкемнің ақылындай сезіледі.

Туған жер – адам өмірінің бастауы. Оның топырағы, табиғаты, өткен күндері ешқашан ұмытылмайды. Мен үшін Кемерши – кіндік қаным тамған қасиетті мекен, жүрегімнің ең қымбат төрінен орын алған туған жерім.

Рақима МЫРЗАҒАЛИҚЫЗЫ, Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық модельді кітапхана-сының кітапханашысы.

ОРМАН ӨРТІНІҢ АЛДЫН АЛУ – ӘР АЗАМАТТЫҢ МІНДЕТІ



Орман табиғаттың ең асыл байлығының бірі. Ол қоршаған ортаның экологиялық тепе-теңдігін сақтап, ауаны тазартып, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің тіршілік ортасын қалыптастырады. Сондықтан орманды өрттен қорғау тек орманшылардың ғана емес, қоғамның ортақ міндеті. Жаз айларында ауа температура-сының жоғарылауы мен құрғақшылықтың күшеюі орман өртінің шығу қаупін арттырады. Тәжірибе көрсеткендей, орман өрттерінің басым бөлігі адам факторынан орын алады. Табиғат аясында демалушылардың сәндірілмеген от қалдыруы, темекі тұқылын тастауы, қоқыс жағуы немесе өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтамауы орны толмас зардаптарға әкелуі мүмкін. Орман өрті салдарынан мыңдаған гектар орман алқабы жойылып, жануарлар мен құстардың мекені бүлінеді. Сонымен қатар өрттен келген экономикалық және экологи-

ялық шығынның орнын толтыру үшін ұзақ жылдар қажет болады. Осындай қайғылы жағдайлардың алдын алу үшін әрбір азамат орманда болған кезде қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтауы тиіс. Атап айтқанда, рұқсат етілмеген жерлерде от жақпау, кеткен кезде оттың толық сөнгеніне көз жеткізу, темекі тұқылы мен сіріңкені жерге тастамау, құрғақ шөп пен қоқысты өрттемеу қажет. Егер орманнан түтін көлмесе өрт белгілерін байқалса, дереу 101 немесе 112 нөміріне хабар берген жөн. Табиғатты қорғау мәдениеті әр адамның өзінен басталады. Орманды өрттен сақтау арқылы біз келер ұрпаққа жасыл желекке бай, экологи-ялық таза өлке қалдырамыз. Табиғатқа жанашырлық танытып, орман байлығын бірге қорғайық!

Ербол РЗИН, Ойыл орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесінің ӘСС бастығы.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫНЫҢ САҚТАЛУЫНА БЕРІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК КЕПІЛДІКТІ ЖҮЗЕТЕ АСЫРУ ТӘСІЛІНІҢ ӨЗГЕРІСІ ТУРАЛЫ

Зейнетақы төлемдерін алушылар үшін зейнетақы жинақта-рының нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) мөлшерінде, жинақталған инфляция деңгейін ескере отырып сақталуына берілетін мемлекеттік кепілдіктің жойылуына қатысты келіп түскен сұрақтар бойынша БЖЗҚ төмендегіні хабарлайды. Мемлекет кепілдік береді және реттейді Әлеуметтік кодекстің 217-бабында 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап «Мемлекет зейне-тақы төлемдерін алушыларға Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сақта-луына олардың нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мөлшерінде кепілдік береді» деп көзделген. Мемлекеттің зейнетақы активтерін сақталуына беретін кепілдігі Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (БЖЗҚ) мен ин-вестициялық портфельді басқарушылардың (ИПБ) қызметін реттеу, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (Ұлттық банк, ҚРҰБ) де, ИПБ-лардың да инве-стициялық қызметіне қойылатын талаптарды белгілеу, зейнетақы активтерін орналастыру кезінде оларды әртарапталдыру және тәуекелдерді төмендету жөніндегі талаптарды сақтау, сондай-ақ басқа да реттеуші нормалар арқылы қамтамасыз етіледі. Ұлттық Банк зейнетақы активтерін зейнетақы жинақтарының сақталуын қамтамасыз етуге және ұзақ мерзімді нақты табыстылық алуға бағытталған мақсаттарды басшылыққа ала отырып басқарады. ИПБ-ға зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару бойынша заңнамада белгіленген жауапкершілік жүктеледі. Яғни, ИПБ алған номиналды табыстылық пен реттеушінің талаптарына сәйкес есептелген табыстылықтың ең төменгі мәні арасында теріс айырма болған жағдайда, ИПБ осы теріс айырманы өзінің меншікті капиталы есебінен өтейді. Мемлекет көп деңгейлі бақылауды қамтамасыз етеді Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жүйесі көпдеңгейлі мемлекеттік бақылауда қала береді. - Ұлттық қорды басқару жөніндегі кеңес (ҰҚБК), оған Мемлекет басшысы төрағалық етеді, зейнетақы активтерін басқару бөлігінде – инвестициялық саясаттың негізгі бағыттарын айқындайды, басқару тиімділігін арттыру жөніндегі ұсыныстарды зерделеп, БЖЗҚ қызметі туралы жыл сайынғы есептерді қарайды. - Үкімет ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін бекітеді. - Ұлттық Банк зейнетақы жинақтарының сақталуын қамтамасыз етеді ету және ұзақ мерзімді нақты табыстылық алу мақсатында БЖЗҚ-ның инвестициялық декларациясын әзірлеп, бекітеді. Зейнетақы активтерін басқарады. Бұл ретте Әлеуметтік кодексте қамсыздандыру жүйесінде, оның ішінде зейнетақымен қамсыздандыру саласында мемлекет, жұмыс берушілер мен азаматтардың ынтымақтастығы мен ортақ жауапкершілігі қағидаты көзделген. Бұл – халықаралық тәжірибе де кеңінен қолданылатын тәсіл. Салымшылардың зейнетақы активтерін басқаруға қатысуы Әлеуметтік кодекстің 40-бабына сәйкес, салымшыларға өздерінің зейнетақы жинақтарын ИПБ-лардың басқаруына беру және/немесе оларды Ұлттық Банктің басқаруында қалдыру жөнінде шешімді дербес қабылдау құқығы берілген.

2026 жылғы қыркүйекте салымшылардың инвестициялық мүмкіндіктерін кеңейтуді көздейтін заңнамалық өзгерістер де күшіне енеді. Қазіргі уақытта салымшылар міндетті және міндетті кәсіптік зейнетақы жинақтарының 50%-на дейін және ерікті зейнетақы жинақтарының 100%-на дейін ИПБ-лардың басқаруына бере алса, күзден бастап олар ерікті зейнетақы жинақтарын ғана емес, міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен қалыптастырылған жинақтарын да ИПБ-лардың басқаруына толық көлемде беру мүмкіндігіне ие болады. Салымшы бір немесе бірнеше ИПБ-ны, сондай-ақ әртүрлі ин-вестициялық портфельдерді, яғни ИПБ ұсынатын зейнетақы активтерін басқару жөніндегі ин-вестициялық стратегияларды өз бетінше таңдай алады. Бұл портфельдер тәуекел деңгейі, күтілетін табыстылығы және ин-вестициялау мерзімі бойынша бір-бірінен ерекшеленеді. ИПБ-лардың инвестициялық басқару тиімділігін бағалау үшін MSCi және Bloomberg сияқты әлемнің жетекші қаржы компани-ялары қадағалайтын композиттік индекстер (бенчмарк), сондай-ақ «Қазақстан қор биржасы» АҚ индекстері қолданылады. ИПБ-лар инвестициялық табыстылықтың белгіленген деңгейіне кепілдік береді. Егер табыстылық нарықтық бенчмарктен төмен бо-лып қалса, ИПБ айырманы өзінің меншікті капиталы есебінен өтеу-ге міндетті. Осылайша, салымшылар өздерінің зейнетақы жинақтары бойынша әртүрлі инвестици-ялық активтерді басқарушылар-ды және әртүрлі инвестициялық стратегияларды (портфельдерді) өз бетінше таңдау құқығына ие. Зейнетақы активтерін басқару-дың нарықтық тәсілдері жағдай-ында инфляция деңгейіндегі мемлекеттік кепілдіктің бұрынғы құқықты және экономикалық мәні жойылады. Зейнетақы активтерін басқару-дың ашықтығын қамтамасыз ету Зейнетақы нарығындағы бірыңғай инфрақұрылымдық ин-ститут – БЖЗҚ, оның акцияла-рының 100%-ы Үкіметке тиесілі. Салымшылардың өз жинақтарын ИПБ-лардың басқаруына беру құқығын іске асыруына байланы-сты БЖЗҚ-ның институционал-ды міндеті де арта түсті. БЖЗҚ – активтерді кім басқаратыны-на қарамастан (салымшының таңдауы бойынша ҚРҰБ және/не-месе ИПБ) барлық салымшылар үшін бірыңғай есептік және ақпа-раттық орталық, сондай-ақ олар-дың жеке зейнетақы шоттарының операторы болып табылады. БЖЗҚ зейнетақы активтерін басқару бойынша қолжетімді қызметтер мен сервистер ұсы-на отырып, азаматтардың жинақтары туралы ақпаратты үзінді көшірмелерде тәулік бойы, ап-тасына 7 күн («24/7») режимінде толық көрсетеді. Сонымен қатар, БЖЗҚ салымшылар үшін зейнетақы активтерін басқару-дың заманауи цифрлық ресурсы ретінде invest.enpf.kz ақпараттық интернет-платформасы іске қо-сылды. Бұл платформа барлық басқарушылардың (Ұлттық Банк пен ИПБ) активтерді басқару нәтижелерін салыстыруға мүм-кіндік береді. Invest.enpf.kz пла-формасы табыстылық туралы ақпаратқа қол жеткізуді қамтама-сыз етеді. Сондай-ақ белгіленген кезең аралығындағы деректерді динамикада қарап, активтерді басқарушылар мен олардың ин-вестициялық портфельдерінің нәтижелерін өзара салыстыруға мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, жинақтаушы зейнетақы жүйесі және қа-зақстандықтарды зейнетақымен қамсыздандыру мәселесі мемле-кеттік реттеу, бақылау мен жау-апкершілік аясында қала береді. Бұл ретте халықаралық тәжіри-бе сәйкес зейнетақы жинақта-рын қалыптастыруда басқа да қатысушылардың – қызметкер мен жұмыс берушінің де маңызы арта түседі. Анықтама. Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесі 28 жылдық қызметі барысында өзінің тұрақтылығы мен орнықтылығын көрсетті. Қазір зейнетақы ак-тивтерінің көлемі – шамамен 28 трлн теңге. БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдерінің көлемі тұрақты түрде өсіп келеді: егер 2024 жылы оның көлемі 1 трлн теңгеден асса, 2025 жылы 1,5 трлн теңгеге жетті, ал 2026 жыл-дың 5 айында зейнетақы төлем-дері шамамен 917 млрд теңге болды. Жинақтардың жалпы көлеміндегі инвестициялық кірістің үлесі 40%-дан асады. Ұзақ мерзімді кезең-де инвестициялық табыстылық жинақталған инфляция деңгейі-нен едәуір жоғары. Жинақтаушы зейнетақы жүйесі қурылған 1998 жылдан бастап 2026 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша инвестициялық табыстылықтың жиынтық өсімі 1 095,39%-ды, ал осы кезеңдегі инфляция деңгейі 986,70%-ды көрсетті.

КӘСІПКЕРЛЕРМЕН АШЫҚ КЕЗДЕСУ: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ДАМУ МҮМКІНДІКТЕРІ

ЖУЫРДА «АТАМЕКЕН» КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫНЫҢ ҰЙ-ЫМДАСТЫРУЫМЕН ЖЕРГІЛІКТІ АТАҚАРУШЫ ОРГАН ӨКІЛ-ДЕРІНІҢ ҚАТЫСУЫМЕН Ш. БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТІҢ ҚАРАТАЛ АУЫЛЫНДАҒЫ КӘСІПКЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСІП, МАЛ АЗЫҒЫН ДАЙЫНДАУ БАРЫСЫ, ӨЛЕУ-МЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАУАРЛАРЫНЫҢ БАҒА-СЫ, BUSINESS GO – ҚАЗАҚСТАН БИЗНЕСІНЕ АРНАЛҒАН БЫРЫҢҒАЙ ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМАСЫ, «АУЫЛ АМАНАТЫ» БАҒДАРЛАМАСЫ, «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АК-ЦИЯСЫ, «АЙҚЫН НӨТИЖЕ» ЖОБАСЫ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ (КӨР-НЕКІ) ЖАРНАМАНЫ ОРНАЛАСТЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫ АЯСЫН-ДАҒЫ ЖҰМЫСТАР ТАЛҚЫЛАНДЫ.

Кездесу барысында шаруа қожалықтарының мал азығын дайындау жұмыстарының барысымен танысып, кәсіпкерлерді толғандырған өзекті мәселелер анықталды. Әсіре-се, жанар-жағармай бағасы-ның қымбаттауы шаруалар-дың жұмысына елеулі әсерін тигізіп отырғаны айтылды. Со-нымен қатар, бизнестің әле-уметтік жауапкершілігін арт-тыру мәселесіне де ерекше назар аударылды. Сауда орындары иелерінің кәсіпкерлік сауаттылығын арт-тыру мақсатында жаңадан енгізілген Business Go плат-формасының мүмкіндіктері түсіндірілді. Сондай-ақ, кәсіп-керлерге өз қызметін одан әрі дамыту үшін «Ауыл амана-ты» бағдарламасына қатысу жөнінде ұсыныстар берілді. Кездесу барысында әлеумет-

тік маңызы бар азық-түлік тау-арларының бағаларын негізсіз өсірмеу, белгіленген шекті са-уда үстемесін сақтау қажеттігі түсіндіріліп, заңнама талап-тарын қатаң сақтау сұралды. Мұндай кездесулер кәсіпкер-лердің жұмысымен тікелей танысуға, өзекті мәселелерді дер кезінде анықтап, оларды шешу жолдарын бірлесіп қа-растыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, кәсіпкер-лердің назарына «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы әрдай-ым ақпараттық-консультаци-ялық қолдау көрсетуге және туындаған мәселелер бой-ынша жан-жақты көмек көр-сетуге дайын екені жеткізілді. Сондай-ақ, кәсіпкерлер өзара сенімді әріптестік қарым-қа-тынас орнатып, Палатамен тығыз байланыста жұмыс істе-уге шақырылды.

ЕГІН ОРАҒЫ МЕН МАЛ АЗЫҒЫН ДАЙЫНДАУ КЕЗІНДЕ ШАРУАЛАР НЕНІ ЕСКЕРУ КЕРЕК?

Егін жинау науқаны — ауыл шаруашылығы саласындағы ең маңызды әрі қауырт кезеңдердің бірі. Бұл мезгілде техника мен адам күші жоғары қарқынмен жұмыс істейді, ал ауа райының ыстық әрі құрғақ болуы өрт шығу қаупін еселейтүседі. Сондықтан егін шабу кезінде өрт қауіпсіздігін сақтау — әрбір агроном, механизатор және шаруашылық басшысы үшін аса маңызды міндет.

Өрттің негізгі себептері:

- Астық алқаптарында тұтанғыш материалдардың (құрғақ сабан, шөп, жанар-жағармай қалдықтары) көп болуы;
- Ауыл шаруашылығы техника-ларының техникалық ақаулары (электр сымдарының қысқа тұйықталуы, мотор қызып кетуі);
- Темекі шегу немесе отты абайсыз пайдалану;
- Найзағай түсуі;
- Желдің күшеюі, оттың жылдам таралуына ықпал етеді.

Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары:

- Техникаларды күн сайын тек-

Ойыл аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

БАЛАҒЫЗҒА ОЙЫНШЫҚ АЛАРДА... МӘН БЕРЕТІН МӘСЕЛЕЛЕР КӨП!



Қазіргі уақытта сауда орындарында ойыншықтардың өте үлкен ас-сортименті бар. Ойыншықтарды сатып алу барысында неге назар аудару қажет? Ең бастысы, ойын-шық тығыз, қауіпсіз материалдан жасалған, ұсақ бөлшектері бол-мауы керек және оны жууға бола-тын материалдан жасалуы қажет. Сатып алу кезінде өндірушіге, қаптамаға, ойыншық шығара-тын дыбыстарға назар ауда-рыңыз, олар дыбыстар нәрестені қорқытпауы тиіс. Бүгінгі таңда Қазақстанда балаларға арналған ойыншықтарға қойылатын та-лаптар айқындалған, алар Кеден одағының КО ТР 08/2011 «Ойыншықтардың қауіпсіздігі ту-ралы» техникалық регламентінде нақты жазылған, ол балалар мен оларға қарайтын адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғау, сондай-ақ тұтынушыларды олар-дың мақсаты мен қауіпсіздігіне қатысты жаңылыстыратын әре-кеттердің алдын алу мақсатында ойыншықтарға қойылатын талап-тарды белгілейді.

Ойыншықтарда пайдала-нылған материалдарды қайта өңдеу нәтижесінде алынған қай-талама шикізатты қолдануға жол берілмейді. Ойыншықтардың қорғаныш-сәндік жабыны ылғал-ды өңдеуге, сілекей мен тердің

әсеріне төзімді болуы керек, сұй-ық толтырғыштың ағып кетуіне жол берілмейуі тиіс. Ойыншықтарды таңбалау айқын, тексерілетін, анық, оңай оқыла-тын, тексеруге және сәйкестен-діруге қол жетімді және келесі ақпаратты: - ойыншықтың атауы; - ол дайындалған елдің атауы; - дайындаушының импорттаушы-ның атауы және орналасқан жері, олармен байланыс үшін ақпарат; - дайындаушының тауар белгісі (бар болса); - ойыншық арналған баланың ең төменгі жасы немесе баланың жасын көрсететін пиктограмма; - негізгі құрылымдық материал (үш жасқа дейінгі балалар үшін) (қажет болған жағдайда). - ойыншыққа күтім жасау тәсіп-дері (қажет болған жағдайда); - шығарылған күні (айы, жылы); - қызмет ету мерзімі немесе жа-рамдылық мерзімі (олар орна-тылған кезде); - сақтау шарттары (қажет бол-ған жағдайда) көрсетілуі тиіс. Есіңіз-де болсын, ойыншықтар пайдалы және қауіпсіз болуы керек!

Ғ. ҚҰБАЕВ, Ойыл аудандық санитариялық-э-пидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.